

Тақырыбы: Мектебім - мейірім мекені.

Тәрбие сағатының мақсаты: Мектептің білім ордасы ретіндегі маңызын түсіндіру
Мейірімділік, оқу-білім туралы өз ойларын ортаға салғыза отырып, білімқұмарлыққа шақыру.

Сабақтың басында оқушылармен психологиялық ахуал туғызып, жұмбақ жасырылды. Жұмбақтың жауабына қатысты “допты қағып ал” әдісі бойынша допты лақтыра отырып, доптағы сұрақтарға жауап айтады.

Сабақтың ортасында “Мектебім - мейірім мекені” тақырыбына назар аударылды. Осы тақырып туралы сұрақтар қойылып, ақын-жазушыларымыздың оқу-білім туралы не айтқанын естеріне түсірді. Тақтадағы көрнекіліктермен жұмыс жасалды.

Отанды сүйуге, болашақта отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді, білікті адамдар керек екенін аңғарту. Еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, әдет-ғұрып, салт- дәстүрді сақтап, әрі қарай жалғастыруға тәрбиелеу.



Тақырыбы: «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»

Сабақтың мақсаты:

- Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- Шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыру.
- Еңбек жасай білу дағдыларын дамыту.
- Еңбексүйгіштікке, адамгершілікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу.
- білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- - білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- - өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.

Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.



Тақырыбы: «Қауіпсіз интернет»

мәтіндік редакторда қарапайым сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; ғаламторды қолдану; желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіну; ғаламтор желісіндегі байланыстың қауіпін түсіну;

Желіде ақпарат алмасудың пайдасы мен зияны туралы талдау.

Ғаламтор қауіпінен сақтану шараларын білу;

- Мәтіндік редакторда қарапайым сөйлемдерді теру асырады, ғаламторды қолданады, желіде ақпарат алмасу жолдарын, желідегі қауіпін түсінеді;

- Ғаламтор желісінің пайдасы мен зиянын талдайды.

- Ғаламтордағы қауіптен сақтану шараларын біледі;

оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру:

Дамытушылық: Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, пәнге қызығушылығын арттыру;

Тәрбиелік: Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарсыластарын тыңдай білуге тәрбиелеу;

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру/

Сабақтың көрнекілігі: тақырыпқа байланысты дидактикалық материалдар, мультимедиа.

Сабақтың түрі: түсіндіру /пікірталас/



Тақырыбы: «Діни экстремизм мен терроризмге» қарсы күрес

Діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністері мен терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Экстремизм, терроризм, радикализм терминдеріне түсінік беру,

Қазақстан Республикасындағы лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жайы жөнінде мағлұмат беру.

Келер ұрпақ жас өренді өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу.

Міндеттері: Қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру.

2. Қазақстан Республикасы халқының радикалдануына сыртқы факторлардың ықпал етуін төмендету.

3. Діни экстремизм мен терроризм фактілерін, оның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жолымен анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру.

4. Діни экстремизм мен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайту және (немесе) жою жүйесін жетілдіру



Тақырыбы: «Кітап- білім бұлағы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу

Кітап - сарқылмас рухани қазына, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітап оқуға қызығушылықтарын ояту.

Көрнекілігі: «Ең жақын досың - кітап» кітап көрмесі, сұрақ-жауап, карточка, номер қойылған асықтар, қоржын, сөзжұмбақ, цитата сөз: «Ештеңе оқымаған адам, ештеңе ойланбайды да...» Дени Дидро, «Жақсы кітап оқу, жақсы адаммен сырласқанмен бірдей» Л. Толстой.

Әдісі: баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап



Тақырыбы: «Ұстазым, менің ұстазым»

Мақсаты: оқушыларға ұстазды құрметтеуге, сыйлауға, түсіне білуге, бағалауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.

а) Оқушыларға ұстаз—екінші ана екендігін түсіндіру . Мерекелерімен құттықтау.

ә) Танымдық қабілетін арттыру. Мұғаліммен оқушы арасындағы байланысты нығайту.

б) Айналасына білім , тәрбие ұрығын шашып , адамгершілік нұрын төгетін ұлы тұлға ұстазға құрмет көрсету , лебіз білдіру , адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

- білім алушылардың жаңа білімді, ақпараттық ресурстарға сүйене отырып, зияткерлік қажеттіліктерін меңгеруін қамтамасыз ету:
- білім алушылардың шығармашылық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту:
- балалардың бойында ұстазға деген құрметті қалыптастыру:



Тақырыбы: Жемқорлыққа қарсымыз

Мақсаты: оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыра отырып, «Сыбайлас жемқорлық, парақорлық» сөздерінің мағынасын түсіндіру.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту

Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптасады

Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру,білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.



Тақырыбы: Менің Отаным - Қазақстан

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту; Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Туған жерін,Отанын сүюге,егеменді еліміздің рәміздерін құрметтеуге,туған еліміздің өткен тарихын ұмытпай,еске алып отыруға,елімізді бабаларымыз сияқты қорғай білуге,ата-бабадан дәстүр боп келе жатқан өнеге-салтымызды,ана тілімізді сүйіп,оны сақтай білуге тәрбиелеу.



Тақырыбы: «Отбасым: ата анам және мен»

Мақсаты:

1. Отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелерінің алатын орны туралы түсінік беру. Отбасы — әр адамның шағын Отаны. Оқушыларға әке — шеше, бауырдың қадірін түсіндіру.

қызығын көріп қана қоймай, олардан адамгершілік қасиеттерін алып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіру, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге баулу.

3. Оқушылардың бойына ата — анаға деген сүйіспеншілікті, құрмет сезімін ояту. Сыйластыққа, мейірімділікке, татулыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орны ерекше екенді-гін түсіндіру. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен ұжымдыққа тәрбиелеу

Оқушыларға «Отбасы» туралы, оның құндылығы туралы түсінік беру. Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, ата - ана алдындағы парызын өтеуге, жанұяның мақтанышы болуға тәрбиелеу.

